№ 07 (69) / Шілде 2021 жыл / WWW.BILIMSHINI.KZ

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

БЕРДАЛИЕВА Ақшагүл Маханбеталықызы,
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы,
Түркістан облысы

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ

Қазақстан Республикасының КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

30 тамыз

ҚАСТЕРЛІ АТА ЗАҢЫМЫЗ – ҚАЗЫНАМЫЗ, БАҒЫМЫЗ

30 TAMYZ | QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ KONSTITÝTSIIASY KÚNI

ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор

Қазақ Елі тәуелсіздіктің 30 жылында толағай табыстарға қол жеткізіп, әлемдік аренада үлкен беделге ие болды. Біздің барлық жетістіктеріміз Ата заңның арқасында айқындалып, жүзеге асты деп нық сеніммен айтуға болады. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата заң – әр қазақстандықтың мақтанышы, тәу етер тәуелсіздігіміздің тірегі.

Мемлекеттің қарқынды дамуы ел азаматтарының Ата заңға бағынып, заң үстемдігін құрметтеуіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз еліміздің құқықтық актілерінің ішінде ең жоғарғы санаттағы Негізгі Заңы болып табылады және Республика аумағында оның пәрменді күші тікелей қолданылады. Қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңдылықтың орнығуы – еліміздің азаматтары мен мемлекеттік органдарының Ата Заңымыздың нормаларын, талаптарын қалтқысыз орындауы – еліміздің одан әрі баянды да өрлеп жетілуінің басты шарты. Қазақстан қоғамының даму процесі Негізгі Заңның қуатты жасампаздық әлеуетінен бастау алып жүзеге асады.

Биыл Ата заңымыздың қабылданғанына 26 жыл толып отыр. Мемлекеттегі саяси және экономикалық реформалар, тұрақтылық пен келісім, оның халықаралық жетістіктері Конституцияда бекітілген қағидаттармен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіздіктің 30 жылындағы әлемдік аренадағы бейбітсүйгіш, бітімгерлік, теңгерімді қарым-қатынасы, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуге ұмтылысы Конституция баптарындағы құндылықтардың жемісі деп айтуымызға болады. Конституция – Қазақстан халқын біріктіруші үлкен күш.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум барысында азаматтардың 89,14% Конституцияны қабылдауға дауыс беріп, Ата заңымыз шын мәнінде «Халықтық Конституция» деген атқа ие болды. Содан бері Конституция уақыттың талабы және мемлекеттің демократияландыру, 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі міндеттеріне орай бірқатар толықтырулар мен түзетулерден өтті. Осы уақытқа дейін 1998 жылы Конституцияның 19 бабына, 2007 жылы депутаттарды сайлау туралы, 2011 жылы ҚР Президентінің өкілеттілігі туралы өзгертулер енгізілді. Соңғы 2017 жылғы конституциялық реформаға сәйкес, ҚР Президенті 45 өкілеттілігін Үкімет пен Парламент арасында бөліп, олардың саяси шешім қабылдау мүмкіндіктерін кеңейтті. Қазақ Елінің Ата заңының 30 тамызда 1 қыркүйек Білім күні қарсаңында қабылдануының өзінде үлкен символдық мән бар деп ойлаймын. Бірнеше жылдар бойы 1 қыркүйектегі алғашқы сабақ Ата заңымызға арналғанын жақсы білесіздер. Бұл жас ұрпақтың Ата заңымызды ардақтап өсуіне игі ықпалын тигізіп, олардың отансүйгіш азамат болып қалыптасуына жол ашады деп сенемін. Ата заңымыз – қасиетті құндылығымыз. Қастерлі Ата заңымыз – қазынымыз, бағымыз. Қазынамызды құрметтеп, бағымызды бағалай білейік, Ата заңымызды әрдайым ардақтап жүрейік! 30 тамыз – Конституция күні құтты болсын !

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

TÜRKISTAN
2021
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
СЕМИНАР

***БЕРДАЛИЕВА** Ақшагүл Маханбеталықызы,*
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы,
Түркістан облысы

Қазақ Елі тәуелсіздік жылдарында толағай табыстарға қол жеткізіп, білім саласында түбегейлі реформаларды жүзеге асыруда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа ахуал білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етіп отыр. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Біз білім мен ғылым саласының болашақтағы рөлін айқын түсінуіміз керек. Бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асырамыз, – деп атап өткен болатын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде. Жас жеткіншектерді ұлттық рухта отансүйгіш азамат етіп тәрбиелеу үшін қосымша білім берудің маңызы зор екені белгілі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі Қазақстанда 1990 жылы пайда болды. Ол кеңестік кезеңдегі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың ізбасары болып табылды.Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер қосымша білім берудің маңызын арттыруда. Қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептер базасында балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыра бермек. Жалпы, қосымша білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев балалардың әлеуметтік жағдайына баса назар аударуды тапсырған болатын. Осы ретте балалардың мектептен тыс ұйымдармен қарым-қатынасын жүзеге асыру мақсатында олардың ынтасын арттырып, қолдау көрсету арқылы мектептен тыс мекемелерді қосымша білім беру мекемесі деп атап, оған қосымша білім беретін педагогтарды жұмысқа тарту міндеттелген.

«Қосымша білім беру ұйымдары» балалар мен жасөспірімдерге кез-келген жағдайда жаңа білім алуға, бағалауға, шығармашылық белсенділігін дамытуға бағыттайды. Мектептен тыс ұйымдағы жұмыстар педагог пен оқушыларды бос уақытта салауатты өмір салтына, дұрыс өмір сүруге

бейімдеуде маңызды болып табылады. Қосымша білім беру – бұл ерекше бір әлем және өз істерінің кәсібі, хас шебері бола білген педагогтардың арқасында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Тәуелсіздік жылдарында біздің ауданымызда да қосымша білім беру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Қосымша білім беру бағытындағы жетістіктерімізді насихаттап, тәжірибе алмасу мақсатында 2021 жылғы 2 шілде күні Шымкент қаласы, Жамбыл, Қызылорда облыстарынан келген арнайы қонақтардың қатысуымен «Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан қосымша білім беру үрдісі» тақырыбында республикалық семинар өткіздік. Семинарға Түркістан облыстық және аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшылары және қызметкерлері, мектеп директорлары қатысты. Қосымша білім беру саласындағы идеологияның негізгі бағыттарын көрсету, өңірлердің білім саласындағы жетістіктерін насихаттау

мақсатында өткізілген семинарда қонақтар оқушылардың ең үздік туындылары қойылған көрмемен, Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Оқушылар үйі мен Саз мектебі ұжымы және шәкірттерінің бірлесе атқарып келе жатқан озық тәжірибесімен танысты. Көрмедегі керемет қолөнер туындылары мен суреттердің өзі ауданымыздағы үйірме жұмыстарының биік деңгейде екенін байқатты. Аудандық Абай атындағы кинотеатрда өткен Саз мектебінің концерті барлық қонақтардың көңілінен шықты. Концерт соңында

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Жолаев мырза барша ұстаздар қауымына ізгі тілегін арнап, ризашылығын білдірді. Шардара дегенде аты бүкіл әлемге әйгілі Шардара Армспорт мектебі еске түседі. Шардара – қол күресінен әлемдегі ең мықты орталықтың бірі. 30 мыңнан аса тұрғыны бар шағын қалада 48 әлем чемпионы тұрады. Бұл – әрбір шардаралық үшін үлкен мақтаныш. Семинар соңында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Жолаев мырза бір топ чемпион жастар мен олардың жаттықтырушыларына Мақтау қағаздары мен қаржылай сыйлықтар табыс етті. Семинар соңында Шардара ауданының қосымша білім беру саласының жоғары деңгейде екені айтылып, келген қонақтар тарабынан жақсы баға берілді.

Ауданымызда 2 қосымша білім беру мекемесі жұмыс істейді. Атап айтсақ: «Саз» мектебі, Оқушылар үйі. Қосымша білім беру ұйымдарында 2721 оқушы түрлі үйірмелермен қамтылған, оларға 109 педагог жетекшілік етеді.

Оқушылар үйінде 67 үйірмеде 201 топ бар, жалпы саны – 1981 оқушы қамтылған, олардан 9 оқушы мүмкіндігі шектеулі жалпы мектеп бағдарламасымен оқитын оқушылар. 67 үйірмеден 27-і ауыл, 15 қала мектептерінің базасында орналасқан. Оқушылар үйінде 67 қосымша білім беру педагогтары жұмыс атқарады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту мақсатында арнайы жабдықталған оқу кабинеті ашылып, жұмыс жүргізілуде.

«Саз» мектебінде 42 үйірмеде 42 сынып бар, жалпы саны – 740 оқушы қамтылған. 42 үйірмеден 8-і ауыл мектептерінің базасында орналасқан. Мекемеде 46 үйірме жетекшілері жұмыс атқарады.

Сондай-ақ жалпы орта білім беретін мектептерде түрлі үйірмелерге 14015 оқушы қамтылған. Бұл оқушылардың жалпы санының 74,8 пайызын құрап отыр (2020 жылы – 70 пайыз).

Қазіргі таңда, аудандағы 19199 оқушының, 6556-ы (34,1%) спорт секцияларымен және 5093 оқушы аудандағы 5 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерімен қамтылған.

Жалпы аудан бойынша спорт секцияларымен қамтылған оқушылар саны 11637 (60,6%)

Балаларға қосымша білім беру жалпы білім беру жүйесінің бір бөлшегі және ерте кәсіби бағдарлауға бағытталған, баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін, қажетті звено болып табылады. Қосымша білім берудің құндылығы білім мен біліктілікті, ептілікті іске асыруға ықпал етеді, балалардың танымдық мотивациясын ынталандырады. Қосымша білім алу жағдайында балалар өздерінің потенциалдық қабілеттерін дамыта алады, заманауи қоғамда тез бейімделе алады, өздерінің болашақтағы мамандықтарын таңдап ала алады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің қалыптасуындағы жетекші басымдылық педагогты инновациялық қызмет етуге енгізу болып саналады. Қосымша білім беру педагогының инновациялық қызметі жеке педагогикалық жүйенің міндетті компоненті болып табылады және таңдауына қарай зерттеушілік сипатқа ие болады. Бұл педагогтың өз қызметіне баға беруіне көмектеседі.

Олай болса, жаңаша білім беру бағдарламаларын дайындау, қосымша білім беру жүйесінде жаңа әдістемелік қамтамасыздықты әзірлеу қажеттілігі туындайды. Ол бағдарламалар алуан түрлі қабілеттері бар балалар үшін бейінді, көпфункционалды, өте икемді, оның дайындық деңгейіне байланысты оқу-тәрбие процесінің барысын педагогқа түзетіп отыруға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар педагогтың мүмкіндіктерін және білім алушының қабілетін толық ашуға, білім беру процесін шығармашылық, адамгершілікті және тұлғалық-бағытталған, тұлғаның өз білімін жетілдіруге және өзін-өзі дамытуына бағытталған етіп жасауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Ұстаз жолы- ұлы жол

Еліміз тәуелсіздік жылдарында үлкен табыстарға қол жеткізіп, жасампаздықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Әсіресе білім саласындағы жетістіктерімізді мақтанышпен айта аламыз. Біз білім саласындағы толағай табыстарымызға мемлекеттің үлкен қолдауымен бірге қарапайым мұғалімдер және мектеп директорларының қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік деп ойлаймын. Өзім ұстаз болғандықтан мектептегі қиындық-тарды жақсы білемін. Осы қиындықтардың бәрін жеңіп, ұстаздарды да, оқушыларды да, ата-аналарды да жақсы сөзімен қуанышқа бөлеп жүретін мектеп директорларының еңбегі зор екені белгілі. Біздің мектебіміздің директоры Султангалиева Кумыс Шарухияновнаның ізгі істері, жетістіктері туралы айтуды өзімнің шәкірттік парызым деп білемін. Ұстаз жолы – ұлы жол.. Султангалиева Кумыс Шарухияновна 1961 жылы 29 қазанда Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зеленов ауданы, Переметный ауылында көп балалы отбасында дүниеге келді. 1981 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының «Жаратылыс-тану» факультетіне түсіп, 1986 жылы «Химия және биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтады. Сол жылы Мерген орта мектебіне химия пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Сол мектепте жұмыс жасап жүріп, 1988-1993 жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кәсіподақ кеңесінің төрайымы, ҰБТ-дегі апелляциялық комиссия мүшесі, мектептерді аттестациялау комиссиясының мүшесі, БҚО білім саласындағы бақылау департаментінің мектептерді аттестаттау комиссиясының эксперт мүшесі, сынып жетекшілігі қызметтерін атқарды. 2015 жылдан бастап «Мерген жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры қызметін атқарып келеді. Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Мерген ауылы Мерген жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Султангалиева Кумыс Шарухианқызының ұстаздық жолындағы жетістіктері көп. Кумыс Шарухияновна еңбек жолында аудан, облыс, республика көлемінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Марапаттаулары: 23.10, 22.12.2014 ж,16.02.2015ж . «Алғыс хат» Халықаралық кашықтық блиц - турнир «Жаңа сабак» жобасын өткізуге көмек көрсеткен үшін. Жаборовский И.В. директор ООО «Жаңа сабак» . Смоленск қаласы 23.10, 22.12.2014 ж., 16.02.2015 ж Куәлік . Халықаралық кашықтық блиц - турнир «Жаңа сабак» жобасына оқушыларды әзірлеген үшін. Жаборовский И.В. директор ООО «Жаңа сабак». Смоленск қаласы23.10, 22.12.2014 ж., 16.02.2015ж Куәлік . Халықаралық кашықтық блиц - турнир «Жаңа сабак» жобасына оқушыларын әзірлеп, І, ІІ орын алған үшін беріледі. Жаборовский И.В. директор ООО «Жаңа сабак». Смоленск қаласы. «Внеклассное мероприятие по химии «Лидер XXI века» РФ, жариялым, 2020ж. 2020г. «Открытый урок» Всероссийкого конкурса талантов, ІІІ место. Диплом. 2020 г. Доклад «Использование возможностей интерактивной доски на уроках химии» публикация. Сертификат. 2013 ж. «Алғыс хат» Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен химия және химиялық технология факультетінің 80 жылдығына арнап ұйымдастырылған химия пәні бойынша виртуалды аудандық олимпиадаға жоғары білімді оқушыларды дайындауда шексіз еңбегі үшін берілді. Химия және химиялық технология факультетінің деканы Е. Қ. Оңғарбаев. Алматы қаласы. 2005ж., 2015., 2020ж. - ОББ «Құрмет грамотасы». 2014ж. «Химиялық турнир» ІІІ орын. 2009ж. АББ грамотасы мазмұнды баяндамасы үшін. 2012ж. АББ «Диплом». 2012ж. «Жаратылыстану – математика сабақтарында АКТ қолданудың тиімді жолдары» байқауы (ІІ орынға ие болды). 2018 ж., 2019 ж. АББ грамотасы. 2018 ж. 2019 ж. Аудан Әкімінің «Алғыс хаты» және Құрмет грамотасы. Аудандық пән мұғалімдерінің олимпиадасында жүлделі ІІ орын, 2018ж. Б.Д. Қоспаев Ақжайық ауданы тарихы танымдық анықтамалығына – 2-ші басылымы, 348 бет. Мерген химия кабинеті. Олыстық шараларға қатысып жүлделі орын алған аудан мұғалімдерінің тізіміне шықты. 30.03.2015 ж Қазақстандық интернет –журнал сайт «Коллеги» collegy. ucoz. ru тақырыбы: «Күкірт оксидтері» 31.03.2014ж Қазақстан мұғалімдерінің сайті http: // pedagog-help. ucoz.ru «Педагог» тақырыбы: «Тұздардың жіктелуі, алынуы, химиялық қасиеттері мен қолданылуы» 2015ж. Республикалық әдістемелік сайт «Sabaqtap.kz» тақырыбы: «Кукірт оксидтері», «Фосфор», «Орынбасу және алмасу реакциялары», «Баспалдақ». 08.02.2015ж. Интернет –проекта «Копилка уроков-сайт для учителей» http: // kopilkaurokov.ru/ himiya/ uroki/ 169217 «Фосфор» 08.02.2015ж http: // kopilkaurokov.ru/ himiya/ meropriyatia/ 169214 +«Баспалдақ». 31.03.2015ж. Қазақстан мұғалімдерінің сайті http: // pedagog-help. ucoz.ru «Педагог» 2010ж. «Тұздардың жіктелуі, алынуы, химиялық қасиеттерімен қолданылуы». 2010 ж. Ғылыми әдістемелік журнал «Ұстаз» №1 (46) – 32 бет «Фосфор». Сәуір 2015ж «Жайық ұстазы» газеті» «Расчеттық есептер: Металдар мен олардың қосылыстары арасындағы генетикалық байланыс».

2014 ж Жайық таңы» газеті «Барлық сынның, барлық бәйгенің басы», 30 қазан, 2014 ж. «Жайық таңы» газеті №44, «Тірек мектебіндегі сессия». 11 желтоқсан, 2014ж. «Жайық ұстазы» газеті» № 21-22, «Тірек мектебіндегі сессия» 13 қаңтар, 2015ж. «Жайық таңы» газеті №3 «Жанашырлық жарқылы» 26 ақпан 2015ж. «Жайық таңы» газеті №9 «Керемет пән» 26 наурыз 2015ж. «Жайық таңы» газеті №13 «Мақтаулы мұғалім», Сәуір 2015ж «Жайық ұстазы» газеті «Расчеттық есептер: «Металдар мен олардың қосылыстары арасындағы генетикалық байланыс».

Қазіргі таңда Султангалиева Кумыс Шарухияновна мектеп ұжымын ақылымен, кеңесімен, білімі және біліктілігімен, кішіпейілділікпен, адамгершілікпен басқарып келе жатқаны бәріміз үшін үлкен мақтаныш. Ұстаз бойындағы ізгі қасиеттеріне тәнті боламын. Өз ісінің кәсіби маман иесі, мейірімді, аяулы жар, ардақты ана, асыл әже бар қазаққа үлгі деп ойлаймын..

Ұстаз еңбегінің жемісі шәкірттерінің биік жетістіктерге жетуінен көрініп келеді. Жылдар жылжып, ұрпақтар алмаса берсін, ұстаздық ұлы жолыңыз жалғаса берсін, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ!

Уксикбаева Алия Бекайдаровна,
Мерген ОЖББ мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН АТА-АНАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

***КАДИРКУЛОВ** Камолжон Алимжанович,*
№104 негізгі орта мектебінің информатика пәні мұғалімі,
тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек. «Баланы 5 жасқа дейін патшадай күт, 10 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан асқан соң досыңдай сырлас» дейді дана халқымыз.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы - ата-анасы. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі – ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығы осы айтылған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және ата-ананың бірге жұмыс жасауына біз үлкен мән береміз. Сынып жетекшінің тәрбие жұмысындағы бір бағыты ата-аналармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру болып табылады. Сынып жетекші ата-аналармен жұмысты ең алдымен жиналыстан бастайды. Ата-аналар жиналысының бірінші отырысында осы мәселеге қатысты өзінің ұстанымы мен педагогикалық көзқарасын баяндайды. Оның мақсаты мен міндеттерімен, соған орай өзінің әрекет ету бағдарламасы мен тәсілін, тәрбие жоспары-мен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстармен таныстырады. Ата-аналармен бірлесіп оны жүзеге асыру жолдарын қарастырады. Мектеп тәжірибесінде сынып жетекші ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстырудың әр түрлі формаларын қолданады. Саяхат, таза ауаға серуен, спорттық жарыстар, жаңа жыл шыршасы, күзгі бал мерекесі, наурыз мейрамдары, оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру т.б. Егер де сынып жетекші мен ата-аналардың байланысы өте тығыз болса, жоспарланған барлық жұмыстар жүзеге асады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін олармен байланыстың әрқилы

түрлерін қолдану қажет. Бұдан басқа сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектеп-ішілік іс-шараларға, сынып жетекшілерді ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Осыған байланысты сынып жетекші ең бірінші сынып ата-аналар төрайымымен және сынып ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Кез-келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті. Осы жоспарды барлық сынып жетекшілері бірлесіп дұрыс жолға қоя білсе, көптеген жұмыстарымыз жеңіл жүзеге асар еді. Ата-аналармен байланыс жасаудың көптеген тиімді жолдары бар.

Сынып жетекшінің ата-аналармен байланыс жасау жолдары:

1.Оқушының жанұясына барып тұру. Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Жанұяға барғанда сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысады.

2.Ата-аналармен хат алмасу. Кейбір сынып жетекшілері жанұямен байланыста ата-аналармен хат жазысып тұру түрін қолданады.

3.Сыныптық ата-аналар жиналысы. Бұл сынып жетекшісінің жанұямен байланысының аса маңызды бір түрі. Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жайы-мен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып

отыру үшін ата-аналар жиналысы оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.

Ата-ананың міндеті:

* Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болу;

* Сабақтан келген баланың күнделігін күн сайын тексеріп, көмек көрсету;

* Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысу;

* Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;

* Мектептегі іс-шараларға қатысу;

*Мектептегі ашық есік күні баласының сабағына қатысу.

Сынып жетекшілері ең бірінші өзінің жетекшілік етіп отырған сыныбының ата-аналарына арналған педагогикалық білімдерді насихаттау үшін әңгімелер мен лекциялар өткізуі керек. Олардың мазмұны ата-аналардың талаптарына, оқу-тәрбие жұмыстарының нақтылы міндеттеріне байланысты болады. Әңгімелер мен лекциялар жүйелі түрде белгілі бағдарлама бойынша өткізіліп отырса ғана көздеген мақсатына жете алады. Мысалы: Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру мақсатында төмендегі жұмыстар жүргізілді. Атап айтсам, «Балаларды ұқыптылыққа үйрету», «Үлкендерді сыйлауға үйрету», «Менің отбасым» сайысы, «Ата-аналар жиналысы», «Қош келдің наурыз!» «Әкем, шешем және мен», «Менің әкем мықты» атты әкелер сайысы және т.б.

Төрт одақ жұмысын жандандыру; (отбасы, бала, мұғалім, қоғам)

Ынтымақтастықты нығайтуда, мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысындағы міндеттердің жүзеге асуына, ата-аналарды педагогикалық біліммен қаруландыруда, олардың белсенділіктерін көтеруде - ата-аналар жиналысының маңызы ерекше.

Ата-анамен бірлескен іс-әрекет арқасында тәрбиеленген тұлға диагностикасы шығады.

Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;

Алған тәрбие мен білімін өз өміріне пайдалана алатын;

Отбасылық құндылықтар мен этномәдени құндылықтарға сүйіспеншілігі бар; Ата-ана мен Отан алдындағы перзенттік парыз бен борышты сезінетін тұлға тәрбиелеу.

Қашықтықта оқытуда «Ата-аналар жиналысы» деген ұғым әрбір оқушы мен ата-ана үшін жақсы таныс. Дегенмен қазір ата-аналар жиналысы десе көптеген ата-аналардың қатысқысы келмейтіні жасырын емес.. Ол ата-ананың баласына деген селқостығынан емес, мектептегі жиналыстың өз деңгейінде өтпеуінен деп ойлаймын.

Ата-аналар жиналысын нәтижелі өткізуге арналған әдіс:

– уақытыңызды дұрыс жоспарлаңыз, ата-аналар арасындағы байланысқа баса назар аударыңыз. Бұл ата-аналардың бір-бірін көріп, танысып отыруына жақсы;

– ата-аналарды міндетті түрде аты және тегімен атаңыз. «Арманның анасы» деу сыйластық емес;

– ата-аналармен жеке, дара ойындар ұйымдас-

тырыңыз;

– жиналыс болатын күнді есептеп барып қойыңыз. Сізге де ата-аналарға да ыңғайлы уақыт табу керек;

– жиналысты керемет сөздермен және нәтижелі жағымен аяқтау міндетті.

Мектептің ата - аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі сынып жетекшісі мен ата-ананың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен сынып жетекшісі қамтамасыз етеді. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Дегенмен ата-аналармен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер жауапкершілік мол. Оқушылардың ата - аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Бұл мақсатты түрде өте ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс екенін есте сақтау керек.

Оқушының аспапта ойнау техникасын арттыру жолдары

АБДИКЕРИМОВА Нуржибек Абдыкадыровна,
О. Тайманов атындағы өнер және саз мектебі МКҚК домбыра пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан дүниесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың киелі домбырасының атқаратын орны ерекше. Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімі мен сана-сезімінен нәр алып, киелі рухани үрдістен жаралған дәстүрлі өнеріміздің ішіндегі күрделі ойлы, тоқсан толғаулысы — күй өнері. Ұлттық мәдениеттің ең құнарлы арнасының бірі болып саналатын күй өнері сан ғасыр бойы небір біртуар дарын иелерінің өміршең туындыларымен толыса дамып, құйма-құлақ күйшілер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді. Күй — музыкалық ойлаудың құралы. Біздің міндетіміз атадан қалған асыл мұраларымызды оқушылардың санасына сіңіре білу.

Оқушының аспапта орындау шеберлігін арттырудың бірнеше жолдары бар. Күйді немесе шығарманы алғаш үйреткенде, оқытушы басынан аяғына дейін өзі орындап беруі қажет. Мұның үлкен мәні бар. Алғашқы орындалу арқылы оқушы шығарманың жалпы мінездемесімен танысады, шығарма әуені оның музыкалық сезіміне әсер етеді. Екіншіден, ол оқушымен сол шығарманы жәй екпінде талдап, шығарманың орындалуға қиын болатын бөлімдеріне көбірек тоқталып, оқушыға оны игеру жолдарын түсіндіріп, музыкалық құрылысы, ырғағы, әуен ерекшелігін әңгімелеп таныстыру керек. Оқытушы оқушыға шығарманы түгел жатқа ойнатуды мақсат етіп қоймауы қажет, оған оқушыны біртіндеп дайындап, шығарманы бөлімдерге бөліп жаттатуы керек. Шығарманы осылай басынан бастап соңына дейін жаттауға болады. Оқушы орындаушылық шеберлікке жету үшін өз бетінше ізденіп, ойланып, көп дайындалуы қажет. Оқушының өз ойы, өзінің шығармашылық белсенділігі, өзіндік көзқарасы болмаса, ол нағыз орындаушы бола алмайды. Оқытушы мұны әр уақытта ескеріп отыруы қажет. Оқушы көптеген тапсырманы бірдей қамти алмайтын болғандықтан, педагог бірнеше ойнау тәсілдерін бірдей үйретпеуі тиіс. Сонымен қатар, жаңа тапсырмаларды мұғалім ноталық сауаттылық деңгейінде жеткізе білуі керек. Алғаш аспаппен танысқан оқушыға мұғалім түсінікті тілмен қазақтың халық аспаптарының шығу тарихын айтып қана қоймай, сонымен қатар күйлер мен фортепиано сүйемелдеуіндегі шығармалар және алғаш құрылған Құрманғазы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің орындауындағы бірнеше күйлер мен шығармаларды күйтабақтан тыңдатқаны жөн. Төкпе күйді үйрену кезінде домбыра мойнындағы буын, сағаларды біртіндеп меңгеруге жаттығулар, этюдтер, күйлер беру қажет. Шертпе күйлерді меңгергенде шертпе қағыстары мен дәстүрлік сол қол саусақтарын қолдану ерекшеліктерді сақтау керек.

Домбыра аспабын тартуды үйрете отырып оқытушы әрбір баланың шығармашылық даралығын қалыптастырып, өзіне сенімін арттыруы қажет, оның бойында жақсы бастаманың барына сеніммен қарай білуі керек. Оқытушы әрдайым оқушының бастамаларын қолдап, оның шығармашылығының дамуына бағыт-бағдар беріп отыруы тиіс. Концерттік қойылымдар оқушының шығармашылық ынта-жігерін дамыта отырып, оның өз жұмысына, ойындарына шығармашылық тұрғыдан қадам жасауына ықпал етеді. Жас музыканттарды аса көрнекті композиторлардың творчествосы негізінде оқыту, үйрету қазіргі кездегі әрбір домбырашы мұғалімнің маңызды міндеті болып табылады.

Домбыра және ДЭККО

ЖОЛДАСБЕКОВА Жазира Сеитхановна,
№2 Балалар саз мектебінің домбыра пәні мұғалімі.
«Білім беру ісінің үздігі»
Шымкент қаласы

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан - ақ жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлініп келеді. Ұлт тарихын сақтап, жас ұрпақ бойына ұлттық сапа құндылықтарын орнықтыру, рухани – адамгершілік тәрбие беру, оның ішінде ұлттық белгіміз болып табылатын домбыра өнерінің тәлімдік қызметін кең колдану аса өзекті іс деп ойлаймын. Қазақ халқының ұлттық аспабы домбыра арқылы халық күйлері мен композиторларының шығармаларын жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін қазақ өнерін зеттеуші педагог Ж.Еңсеповтың жасаған еңбегі орасан зор. Ұлттық аспап домбыраны шет елдерге насихаттауда ДЭККО стилінің маңызы өте зор. Қазақ композиторларының шығармаларын басқа елдерде заманауи бағытта паш ету бүкіл елді дүр сілкіндіріп, қазақ жастары мен басқа ұлт өкілдерінің домбыраға деген қызығушылығын тудырды. 90 – жылдардың ортасында пайда болған ДЭККО стилі өз ерекшеліктерімен домбыраның қоңыр дауысымен өз үйлесімін тапты.

Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасап келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптың бірі. Ақын Қадыр Мырзалиев «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп жырлады. Әр қазақтың домбыраға деген құрметі ерекше екені сөзсіз. Сонау, бағы заманның ұлы композиторлары қазақ халқының мұң - мұқтажын, қайғы - қасіретін, қуанышы мен жеңісін, туған еліне деген шексіз махаббатын күй арқылы жеткізді. Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Қазанғап, Сүгір сияқты ұлы күйшілердің күйлерінің құдіреті шексіз.

Күй - қазақ халқының музыкалық мұраларының бірі. Ол әр түрлі аспаптарда орындалуына байланысты қобыз, сыбызғы және домбыра күйлері деп аталады. Қазіргі жастардың музыкалық қызығушылығында ырғақ басымдық алып тұрған жағдайда, олардың қабылдауына домбыра өнерін неғұрлым жақындату мақсатында жүргізілген ұзақ ізденіс пен зерттеу нәтижесінде Жасарал Еңсепов ДЭККО стилін дүниеге алып келді. Сөйтіп домбыра өнерінің дамуына осы заманғы технологияны пайдаланып жасалған стиль туды.

ДЭККО – домбыраға арналған шығармаларды компьютер көмегімен орындау деген ұғымды береді. ДЭККО – қысқартылған атаудың бас әріптері: Домбыра – Д; Эстрада – Э; Күй – К; Компьютер – К; Орындаушылар - О деген сөздердің бас әріптерінен құралған. Мақсаты күйді орындау дәстүрінің мазмұндық және түрлік негізінде орындаушылық еркіндікті ұстанып, компьютерлік технологиямен ұштастыру арқылы оның тыңдарманға ықпалын әсерлеу.

ДЭККО – да ойнау үшін шығарманы өңдеуде күй характері, аңыз әңгімесі зерттеледі. ДЭККО нұсқасының сценарии түзіледі. Музыкалық сценарии компьютерде құрастырылады. Дәстүрлі күй формасы сақтала отырып музыкалық бояумен өрнектеледі.

Домбыра - басшы, басқа аспаптар қосшы болады. Музыкалық жобаны өңдеуші музыкант компьютерге жинайды. Дыбыс жетекшісі өңдеушімен бірге студияда әр аспаптың дауысын жеке – жеке жазып алады. Содан соң орындаушы жетекшілік жасап домбыра дыбысын қосады. Ойнауды техника жылдамдығы жоғары мүмкіндігі мол орындаушы атқарады. Өйткені барлық істелген істердің нәтижесі орындаушыға байланысты. Оның ойнау техникасына сай музыкалық дыбыстар жинастырылады.

ДЭККО стилі өзіндік мектепке айналды. Әсіресе жастардың рухына күйден нұр құйды. Мектеп оқушыларының ДЭККО-ға деген қызығушылығы күннен-күнге артып, домбыраны әр іс-шараларда насихаттай бастады. Бұл жас ұрпақтың домбыра өнеріне қызығушылығын арттырудағы жақсы ізденіс болды.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ІШКІ ТУРИЗМ ПЕРСПЕКТИВАСЫ



ЖОЛМҰХАН Таңшолпан Мұхтарқызы,
Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті-магистр туризм.
Шымкент қаласы



Түркістан облысы 2018 жылы 19 маусымда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи шешімімен құрылып, жаңаша даму жолын бастады. Ғасырлар бойы Жібек жолының рухани, саяси және сауда өмірінің жүрегі болған Түркістан 1991 жылы Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауымен қайтадан жандана бастады. Түркістан облысы 2 милионнан астам халқы бар, Европа мен Азияны өзара жалғаған тарихи Жібек жолының бойында орналасқан. Үш жыл бұрын ғана Түркістан облысының орталығы деп жарияланған байырғы қала Түркістанның Түркі әлемінің рухани және мәдени астанасы ретінде белгіленгені біз үшін үлкен дәреже. Түркістан облысы –тарихи және мәдени нысандарға бай өлке. Облыс аумағында 1663 тарихи және мәдениет ескерткіштері, оның ішінде 1 халықаралық маңызы бар нысан /Қ.А.Ясауи кесенесі/, 31 республикалық, 421 жергілікті маңызы бар және 1210 алдын-ала тізімдегі нысандар орналасқан. Түркістан облысында ішкі туризм саласын дамыту, оның әлеуетін арттыру, әрі туристерге тартымды ету - бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Өңірде туризм саласының 3 түрі қарқынды дамып келеді.

1. Түркістан,Кентау қалалары мен Отырар, Ордабасы, Бәйдібек аудандары бағытында тарихи –танымдық туризм:
2. Сарыағаш курорты аумағында емдік-сауықтыру туризмі.
3. Түлкібас,Төлеби,Қазығұрт аудандарында экологиялық туризм.

Туристердің ықыласын ерекше аударатын мекендер қайсы деген сұрақ туындайтын болса, ауызға ең бірінші Сайрам-Өгем мен Ақсу Жабағылы қорығы түседі. Одан кейін Отырар-Арыстан баб кесенесі, Түркістан-Сауран-Үкаш ата бағыты. Сосын, Қарабура әулие, Баба Түкті Шашты Әзіз жатқан қойнауы тарихқа да, қазынаға да толы Қаратау, оның етегіндегі қазақ хандығының алғашқы астанасы-Созақ. Одан кейінгі экотуристік бағыт-Сырдария өзенінің бойы. Сондай-ақ, көптеген туристер Түлкібастағы Шұбайқызылға қызғалдақты тамашалауға келеді. Бұлардың қатарына оңтүстіктегі таулы аймақтар мен Шардара су қоймасын қоссақ та болады. Сонымен қатар, туризмді дамытудағы алар орны ерекше «Қасқасу туристік-рекреациялық кешені» жобасы іске асырылуда.

Туристердің көпшілігі Арыстан баб және Әзірет Сұлтан кесенелеріне келеді. Зияратшылық туризмімен қатар Отырар, Сауран көне қалалар туризмінде де оң өзгерістер бар. Яғни зиярат етуге келгендердің басым бөлігі сол көне қала орындарына да жиі бұрылатынын байқауға болады. Сонымен қатар, еліміздің өзге өңірлерінің, тіпті шетел туристерінің арнайы іздеп келіп тамашалайтын орны-Ақсу-Жабағылы қорығы.

Қазіргі таңда Түркістан облысында экотуристік бағыт бойынша біршама жұмыстар атқарылып жатыр.

Қазақстандағы туризм саласындағы кадрлардың қажеттілігін және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды ескере отырып, ҚР Үкіметінің қаулысымен 2019 жылдың наурыз айында Түркістанда Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті ашылған. Туризм саласына ерекше көңіл бөлінген.

Бұдан бөлек, Түркістан қаласының тарихи орталығында жергілікті халықпен туристерге

облыстың туристік нысандары, оның ішінде тарихи-мәдени, емдік-сауықтыру, табиғи орындары бойынша «Бір терезе» қағидасымен ақпарат ұсынатын «Қабылдау Орталығы» ашылған. Қазіргі уақытта қаланың тарихи орталығының аумағында жеке инвестициялар есебінен республикада теңдесі жоқ көпфункционалды «Керуен Сарай» туристік кешені ашылды. Құрылыс 2019 жылдың желтоқсан айында басталған. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қарама-қарсы «Әзірет Сұлтан» мәдени қорығының буферлік аймағында 20,5 гектар жерде бой көтерді. Түркістан облысының туризмі қарқынды дамып келе жатқанының тағы бір дәлелі 2021 жылғы 5 маусым күні ETHNO PARK RESORT орталығының ашылу салтанаты болды. Жаңа демалыс орны Түркістан облысы, Түлкібас ауданында, Ақсу-Жабағылы қорығына жақын орналасқан.

Жалпы, адам апта сайын болмаса да, айына бір рет саяхаттап тұрғаны дұрыс. Өйткені, саяхат, бұрын білмеген жерлермен танысу адамның ой-өрісін, таным көкжиегін кеңейтіп, еңбек қабілетін көтереді.








Образ Фамусова и фамусовского общества

БАЙЖАНОВА Анар Біржанқызы,
Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы

<table>
<tr><td colspan="2">Цели обучения в соответствии с учебной программой</td><td colspan="3">9.2.5.1 характеризовать героев произведения, их поступки, мотивы поведения, значение имен и фамилий;
9.4.2.1 сравнивать художественное произведение с произведениями других видов искусства, характеризуя специфические средства создания образов в разных видах искусства;</td></tr>
<tr><td colspan="2">Цели урока:</td><td colspan="3">1.Охарактеризовать образ Фамусова и представителей фамусовского общества
2.Сопоставить образ Фамусова, созданный в литературе и живописи</td></tr>
<tr><td colspan="5">Ход урока:</td></tr>
<tr><td>Этап урока/ Время</td><td>Действия педагога</td><td>Действия ученика</td><td>Оценивание</td><td>Ресурсы</td></tr>
<tr><td>Организационный момент
Приветствие учащихся и гостей урока</td><td>Приветствует учащихся и гостей урока. Предлагает с помощью смайлика друг с другом поделиться настроением не только на урок, но и на весь день, создавая творческий настрой.
Сообщает тему и цели урока.</td><td>Приветствуют учителя и гостей урока, обмениваясь в чате смайликами. Узнают тему и цели урока.</td><td>Одобряющее слово учителя, смайлики</td><td>Платформа WhatsApp, смайлики BilimLand</td></tr>
<tr><td>I. Вызов
Стратегия «Знакомые все лица!»</td><td>
Учитель предлагает учащимся определить героев комедии и пояснить свое мнение
<table>
<tr><td>Критерии оценивания</td><td>Дескрипторы</td><td>Баллы</td></tr>
<tr><td rowspan="7">Учащийся добивается успеха, если анализирует образ Фамусова и его окружение</td><td>определяет героев-персонажей</td><td>1</td></tr>
<tr><td>определяет значение слова</td><td>1</td></tr>
<tr><td>доказывает свое мнение</td><td>1</td></tr>
<tr><td>называет положительные и отрицательные черты персонажа</td><td>4</td></tr>
<tr><td>аргументирует свое мнение цитатами из текста</td><td>1</td></tr>
<tr><td>сопоставляет образ в тексте и на иллюстрации</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Заканчивает предложение</td><td>1</td></tr>
</table></td><td>Учащиеся определяют героя комедии и поясняют свое мнение</td><td>Смайлики, «большой палец»</td><td>Слайды, критерии оценивания</td></tr>
<tr><td>II. Осмысление
«Что за тузы в Москве живут…»
1.Стратегия «Вот так слово!»</td><td>«Что за тузы в Москве живут…»
Во фразе есть слово туз. Как вы понимаете его значение? (Предполагаемые ответы детей).
«Это туз, да еще и козырный, богач, вельможа, знатный и богатый человек». (В.И. Даль)
Кого из персонажей на иллюстрациях можно назвать тузом в комедии?
Запишем число и тему урока</td><td>Определяют значение слова туз, предполагают, кого можно назвать тузом в комедии (Фамусов). Поясняют свое мнение.
Записывают в тетради число и тему урока</td><td>Смайлики</td><td>https://slovar.cc/rus/dal/578417.html</td></tr>
</table>

<td>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?</td>
<td>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</td>
</tr>
<tr>
<td>Оқушыларға жеке қолдау көрсету, оқу материалдары мен дереккөздерді оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып,
Мотивациясы жоғары оқушылар:
Көмек қажет ететін оқушыларға «Сәйкестендіру» тәсілі оқушының ынталану қабілетін арттыруға көпірше болып қызмет атқарады.
Тапсырмалар бере отырып, күтілетін нәтижеге жетелеймін.</td>
<td>Әрбір кезең бойынша оқушыларға ауызша және бас бармақ, смайликтермен кері байланыс беріп отырамын, сол арқылы оқушыларды ынталандыруға бағыттап отырамын, қолдау көрсетемін.
Оқушылардың өзін-өзі бағалауы, топтардағы бағалау жүріп отырады.
«Рефлексия пирамидасы» әдісі арқылы кері байланыс береді.</td>
<td>Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі еске салынады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Жалпы бағалау
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1: 2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1: 2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1: 2:</td>
</tr>
</table>

МАРАТ ҚАБАНБАЕВ. «БАУЫР» ӘҢГІМЕСІ

БИМБЕТОВА Роза Жаксибековна,
№62 Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.1.2.1 Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау
Ойлау дағдысының деңгейі	Білу және түсіну
Сабақтың мақсаты	Әдеби шығарманың идеясын сипаттауда өз көзқарасын білдіру Шығарманың негізгі идеясын анықтау
Бағалау критерийі	Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді Идея негізінде шығарманың тақырыбын анықтайды
Тілдік мақсаттар	**Жазылым-айтылым:** әдеби шығармалардың идеясын түсініп жазбаша және ауызша талдайды. **Пән бойынша сөздер мен терминдер:** туыс, бауырлас, ағайын, іні, қарындас, аға, әке, ана, дос. **Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы:** Бауырын іздеу..., балалар үйі..., ағам бар деген ой..., ұшқыш..., жатахана... ... ... жатады:
Құндылықтарға баулу	- Отбасы құндылықтарын қалыптастыру
Пәнаралық байланыс	4 сынып дүниетану «Отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу»
Алдыңғы білім	Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай алады
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **5 минут**	**Ұйымдастыру кезеңі.** БЫМ (бастапқы ынталандыру материалы) «Адасқан әріптер» әдісі бойынша жүргізіледі. Оқушыларға берілген әріптер бойынша адасқан әріпті орнына қойып құрастырып, сөйлемнің мағынасын түсіндіре отырып, топқа бөлінеді. Салбытауар - (бауырластар) 1-топ Тардос - (достар) 2-топ Тарсуыт - (туыстар) 3-топ **ЖЖ:**/(Жұптық жұмыс) **«Стикердегі диалог»** әдісі арқылы оқушылардың айтылым және тыңдалым дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Менің атым қожа хикаятының авторы кім? Менің атым Қожа хикаятында автордың негізгі идеясы? Менің атым Қожа фильмінің басты кейіпкері кім болды? Менің атым Қожа фильмінің сен үшін қай жері ұнады, қандай үлгі алатын істі байқадың? Қазақта қандай туыстық атауларды білесіңдер? Бір отбасында туған аға-қарындастар бір-біріне қандай туыс болып саналады? **ҚБ: (Қалыптастырушы бағалау)** ауызша мадақтау	Қазақ әдебиеті 5 сынып авторлары: Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. https://okulyk. z/all-books/g
Сабақтың ортасы **7 минут**	**Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары** **Т: (Топтық жұмыс)** **С: (Сыныптық жұмыс)** **1 тапсырма «Мәтінге көзқарас» әдісі** арқылы оқушылардың сыни ойлау, жазылым дағдысын қалыптастыру. Қарағайда қара дипломатын жерге қойды. Пиджагын шешіп қолына алды да, Алматыдан ілесе келген шаңын қақты. Ең алдымен табаны	Қазақ әдебиеті 5 сынып авторлары: Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. https://okulyk.kz/all-books/g Блоб ағашы:

<table>
<tr>
<td>

5 минут

7 минут</td>
<td>тиген жердің күнін көзіне салды. Білегіндегі сағатына қараса, төртке бес минут қалыпты. Екі күн бұрын төрттен он минут кете Алматыдан аттанған. Астананың шыжып тұрған шақар күні жанын қоярға жер таптырмап еді. Алматыда бәрі басқаша. Шығыстың базарындай шулы вокзалы араның ұясындай гуілдеп жататын. Вокзалдың қалаға қараған бетіне шықты да, шахмат бүйір таксиді тоқтатты.
Манап не себепті екі қаланы салыстыра бастады?.
....
Манаптың Астанаға келудегі себебі неде?
....
Дескриптор:
Манаптың салыстырудағы негізгі ойын анықтайды;
Манаптың астанаға келудегі басты себебін жазады;
ҚБ:/Блоб ағашы
ЖЖ: (Жұптық жұмыс)
2 тапсырма. Төменде берілген кесте арқылы шығарманың негізгі идеясын анықта..
<table>
<tr><td>Шығарма атауы</td><td>Сипаттамасы</td><td>Идеясы</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:
Шығарма атауын жазады
Шығарманы сипаттайды
Шығарма идеясын анықтайды
ҚБ:/Блоб ағашы
С:/(Сыныптық жұмыс)
3 тапсырма. Шығарманың идеясын анықтаңыз. Анықтаған идеяңызды «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндіріңіз.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ертегідегі басты идея - ... »
Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »
Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен шығарманың тақырыбы ... деген шешімге келдім... ».
Дескриптор:
Бірінші сөйлемде шығарманың идеясын анықтайды;
Екінші сөйлемде идеяны таңдау себебін түсіндіреді.
Үшінші сөйлемде идеяны нақтылауға қатысты ертегіден 2 дәлел келтіреді;
Төртінші сөйлемде идея негізінде шығарманың тақырыбына қатысты өзіндік тұжырым жасайды.
ҚБ:/ Жетістік баспалдағы

</td>
<td>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%83%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%BE%D2%93%D1%8B%D1%81


Жетістік баспалдағы
http://go.mail.ru/redir?type=sr&redir=eJzLKCkpKLbS1y8vL9cryMwrSS1KLS7RS87P1Uss1QcK6JuZGhuaGZmbGhlamJqYm5saWOozMB</td>
</tr>
<tr>
<td>**Сабақтың соңы**

5 минут</td>
<td>**Ж:/(Жеке жұмыс)**
«3-2-1» әдісі арқылы сабақты қорытындылау.
<table>
<tr><td>3 - пікір</td><td>2 - идея</td><td>1 - сұрақ</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
-оқушылар сабақтан алған үш ойын жазады.
-оқушылар екі басты жайтты жазады.
-оқушылар материал бойынша түсінбеген сұрағын жазады
ҚБ:/Екі жұлдыз, бір тілек</td>
<td></td>
</tr>
</table>

4 САНЫ ЖӘНЕ ЦИФРЫМЕН ТАНЫСТЫРУ

КАСИМБЕКОВА Эзозхан Алиханқызы,
«Шапағат» бөбекжайының тәрбиешісі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Мақсаты: Балалардың ауызекі 1ден -5 ге дейін санау қабілетін күшейту реттік санау дағдысын қалыптастыру. 4 санын және оның таңбасын тануға, атауға үйрету. Уақыт, пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау. 1-ден 5-ке дейін реттік санауды үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Достарын құрметтеуге, бірін-бірі тыңдауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап жұмбақ, сергіту сәті, санамақтар дидактикалық ойындар.

Көрнекі құралдар: Үлестірмелі материал, үшбұрыш, домалақ, төртбұрыш пішіндер, 1-ден 5-ке дейінгі сандар таңбасы.

Қос тілдік: төрт- четыре, қыс-зима

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	**Шаттық шеңбері.** Біз бақшаға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлеметпе міне мен, Доспын енді сенімен. Жарайсыңдар балалар! Балалар бір жылда қанша мезгіл бар? Онда сендермен бір ойын ойнайық **Ойын:** «Тез тап» **Шарты:** Стол үстінде 4 мезгілге бейнеленген суреттер бар, балалар әр мезгілге тән белгілерді табу қажет. Мезгілдерге байланысты. Сұрақ жауап ойыны. Қыс мезгілінде неше ай бар? **Жұмбақтар:** Апта деген ағайдың Неше бірдей ұлы бар? Бірінші ұлын аташы? Ал балалар сендер санай аласыңдарма? Қаншаға дейін санай аласыңдар? Ал енді бүгінгі оқу қызметімізде 4 саны мен танысатын боламыз. 1-ден 10-ға дейін санауды «**Кел санайық**» санамақ арқылы айтайық. Кел санайық санамақ Саусақтарға қарап-ап Кәне-кәне санайық Санын біліп алайық Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу. Қолымда саусағым нешеу? Мынау-мынау, бас бармақ Санамақ содан басталмақ. Балалар бәріміз тақтадағы суретке назар аударайық. Неше заттың суреті тұр?	Балалар шеңбер бойына тұрып өлең жолдарын айтып, қимылмен көрсетеді 4-мезгіл бар Балалар тапсырманы орындайды Үш ай бар: желтоқсан, қаңтар, ақпан Жеті бірдей ұлы бар Апта күндерін атап береді Иә Біз 10-ға дейін санай аламыз Бесеу Балалар бірге санайды Доп

Ұйымдастыру-шылық ізденістік	Атайық: доп, шар, алма, қуыршақ. Ендеше, бірінші суретте не бейнеленген? -Екінші суретте ше? -Ал үшінші суретте ше? -Төртінші суретте не бейнеленген? Ал бәрін қосқанда 4 болады. Оны 4 цифрымен белгілейміз. Балалар кез келген затты санағанда оның саны-заттың әр түрлілігіне байланысты емес екен. 4 саны 4 бірліктен тұрады. Сендердің алдарыңда санақ таяқшалары бар. Қәнекей, бір-біреуден төрт таяқшаны алдарыңа қойыңдаршы. Жарайсыңдар, өте жақсы! 4 затты 4 цифрымен белгілейміз.	Шар Алма Саңырауқұлак Балалар орындайды
Рефлексивті түзетушілік	**Ойын: «Сапқа тұр»** **Шарты:** Балалар бірден беске дейін болған цифрларды қолдарына алып музыка ырғағымен билейді, музыка тоқтаған кезде 1-ден 5-ке дейін болған реттік санау қатарына тұрады. **«Логикалық жұмбақ»** «Жұлдызшада неше бұрыш бар?» «Қоянның неше құлағы бар?» «Аспанда неше күн бар?» «Сиырдың неше аяғы бар?» «Шатырдың неше бұрышы бар?» **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрайық. Шеңбер жасап алайық, Бір отырып, бір тұрып. Қолымызды жаяйық, Құс боп қанат қағайық. Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым. Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. Жарайсыңдар, балалар! Қандай пішіндерді білесіңдер? **Ойын**: «Өз үйіңді тап» **Шарты:** Стол үстіндегі пішіндерден өзіне ұнаған пішінді алады. Әуен ойнап әуен тоқтағанда әр бір бала алған пішініне сай үйді табуға тиіс. Ал, балалар, бүгінгі оқу қызметіміз барысында қай санмен таныстық? 4-санын алдымызда тұрған таяқшалардан құрастырайық. Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру. -Сендер қай санмен таныстыңдар? Ал, балалар, біз палауды қай күні жейміз? 4 цифрында неше бірлік бар? **«Мен айтамын сен көрсет»** Дидактикалық ойын арқылы оқу қызмет аяқталады. **Шарты:** Сандарды айтамын балалар айтылған санды көрсетуге әрекет жасайды . Жарайсыңдар балалар! Санамақтар арқылы аяқталады. Санамақ айтайық.	Балалар қимыл арқылы орындайды Үшбұрыш, төртбұрыш, домалақ Балалар ойынды қызыға ойнайды 4 санымен таныстық Балалар құрастырады Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ, Оларды атап шақырар. Әр қайсысының аты бар, Бас бармақ. Балан үйрек, Ортан терек. Шылдыр шүмек, Кішкентай бөбек.

Бейбіт елдің ұланымын

КАРИМКУЛОВА Дияна Хасановна,
№104 негізгі орта мектебінің 6 «Б» сынып оқушысы.
Жетекшісі: тарих пәні мұғалімі НИШАНОВА Шоира Азатбековна.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Мен өзінің ұлан-ғайыр жерімен, ынтымақ-бірлігімен, бейбітшілдігімен әлемге танылған Қазақстанның бақытты ұланымын.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап келіп, көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағына аманат еткен қазақтың кең-байтақ жері бар. Бұл жер әрбір қазақ үшін киелі. Қаншама ғасырлар бойы ұлы даланың ұрпақтары осы тәуелсіздікті арман еткенін, тарихтан терең оқып келеміз.

Бабалар армандаған Тәуелсіздікке осыдан 30 жыл бұрын қол жеткіздік. Ал бұл арманды шынайы еткен Нұрсұлтандай көреген атам еліміздің ел болып қалыптасуы және онда тұратын көптеген ұлт өкілдерінің басын қосып тату-тәтті өмір сүруінде ықпалы зор тұлға, саяси көшбасшы.

Мен «Елбасы қанатты сөздері – өмірлік бойтұмарым деп аталады» атты таныстырылымның 6 - сыныптар арасындағы жеңімпазымын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді ата-бабамыз. Елбасының ерен еңбектерін әрқашан құрмет тұтамын. Отанымыздың әр перзентінде Елбасының туған елге деген шынайы махаббатындай перзенттік махаббаты болса деймін.

Қазақ Елі 130-дан аса ұлттарды кең құшағына алған мейірімді мемлекет. Барлық ұлттың құқығы тең саналады, барлық ұлт өз салт дәстүрін, тілін, ділін ұстануға құқық берілген. Осындай бейбіт елде өмір сүру үлкен бақыт, қуаныш. Мен алып жатқан терең білімімді Қазақ Елінің жарқын болашағына арнаймын.

Балалық бір ой...

ЮЛДАШЕВА Хуснора Илхомжоновна,
№104 негізгі орта мектебінің 4 «А» сынып оқушысы.
Жетекшісі: МИРЗАТАЕВА Дилдора Арзиматовна.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын» - деген сөзін «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» атты мектепішілік жарыста және «Тұңғыш Елбасы» күнінде болған сайысқа дайындық барысында қатты ұнатып, қойын дәптеріме жазып қойған едім.

Ал шығармамды талапқа сай жазуыма, ағылшын тілі мұғалімім мені 4 жыл бойы шетел тілінің білімімен сусындатып келе жатқан Дилдора Мирзатаева апайым былай деді: «Отбасы бұл мемелекеттің бір бөлігі. Ал ата-ана – отбасының, яғни мемлекеттің тірегі болып саналады. Дана халқымыз «Әкесі қой баға білмегеннің баласы қозы баға білмейді», «Қызының қылығына қарай анасын таны» деген қанатты сөздерді бекер айтпаған. Ертеңгі елдің болашағы - біз балалар бақытты өмір сүрудеміз. Осы орайда «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Бұл келешек ұрпаққа бізге жасалынып жатқан шараларға біздің мектепте де қыруар шаралар атқарылуда. Мектеп басшылығы тарапынан жасалып жатқан қамқорлық ұшан-теңіз дерем. Ел президенті Қ.Тоқаевтың және Білім министрі А.Аймағамбетовтың өнегелі саясатының арқасында 26 мамырдан 19 маусымға дейін карантинге байланысты қалып қойған сабақтарын оқып, меңгеріп алуына зор мүмкіндік жасалды. Ал жазғы сауықтыру лагерлері балалардың көңілді де бақытты демалуларына септігін тигізуде деп ойлаймын.

Ал менің «Балалар күні»-не орай отбасымызбен бірге «Батут» жазғы ойын-сауық кешеніне барып, одан кейін саябақты аралап, қуаныш пен қызығы мол сәттер сыйлайтын суға шомылып, сосын отбасылық тамақтануды да ұйымдастырдық. Осындай қызыққа толы кіршіксіз балалық шақ әр сәбидің көңілін марқайтып, өмірін жадырататыны айдан анық. Балақайлар, мейрамдарыңмен! Балалық шақтарың ұзақ болғай!

ЖЫР ЖҮЙРІГІ – МҰҚАҒАЛИ

(мәнерлеп оқу сайысы)

***ИРИСМАТОВА** Захро Жамаловна,*
«Далабазар» жалпы орта мектібінің 10 - «А» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Юсупова Равшанай Хамракуловна.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Осы эссені жазуыма қазақ поэзиясының Хантәңірі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ақынның артына қалдырған өшпес мұрасы - өлеңдерін жас ұрпаққа насихаттап, әдебиетке, поэзияға деген қызығушылықтарын оятып, оқуға ынталандыру мақсатында Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қарабұлақ ауылындағы мектептердің 9-11 сынып оқушылары арсындағы ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысы себеп болып отыр. Өйткені, аталған мәнерлеп оқу сайысының жеңімпазымын. «Жыр жүйрігі – Мұқағали» мәнерлеп оқу сайысына мен сияқты әдебиетке құштар, әсіресе Мұқағали өлеңдеріне ғашық әдебиет сүйер қауыммен қатар, қазылық еткен апай, ағайлармен қатар, Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті секциясының әдіскері Т.Садиков келіп қатысты. Орайы келгенде, сайыс барысында нағыз өнерпаздарды көрдім, өнерлеріне тәнті болдым және сайыста ақын өлеңіне шын ғашық екенімді дәлелдеуге тырыстым!

Мәнерлеп оқу сайысы екі кезеңнен тұрды. «Жырлайды жүрек» (үй тапсырмасы ақын өлеңінен қалаған бір туындыны жатқа оқу), «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» (ақын өлеңдерінен тақырып беріледі, аталған шығарманы жалғастыру). Әсіресе маған №100 жалпы орта мектебі, №3 Хамза жалпы орта мектебі, №10 Қарабұлақ жалпы орта мектебінің қатысушылары ақын өлеңдерін нақышына келтіріп, жатқа оқығаны қатты ұнады, жүрегімде ақындықтың, өлеңнің алауын лаулатқандай болды.

Сайыс барысында қатысушылардың оқуларын бағалау үшін әділқазы мүшелеріне - кітапхананың тұрақты оқырмандары аудандық кітапхана әдіскерлері, «Бәйтерек» клубының мүшелері қатысты. Оқушылар ақын өлеңдерін мағынасын ашып, мәнерлеп оқып беріп, дәрежелеріне сай бағаланды. Кеште карантин талаптарының өз деңгейінде болуы үшін тек қана ақынның «Есіңе мені алғайсың», «Алматының түндері-ай!», әндері шараны әрлесе. «Туған күн» өлеңінің сахна көрініс ретінде қойылуы кеш қонақтарын бір серпіп тастады. Ақын шығармашылығына арналған «Мұқағали –мәңгілік ғұмыр» кітап көрмесіне шолу жасалды. Шара соңында мәнерлеп оқу сайысының нәтижесін әділқазы мүшелері сараптап, 1- ші орынды мен иелендім, қатты қуандым, өйткені ақынның 100-ге тарта өлеңін жатқа біліп, кешенді сатылай талдау жасай аламын. Еңбегім еленгеніне, қатты риза болдым. Бұл жетістік тек менің ғана емес, ұстазым - Юсупова Равшанай Хамракулқызының да тағы бір белесті бағындырған жетістігі еді. Осы мен апайыма қатты қызығып отырғаныма байланысты ма, оның әрбір әрекеті мені қызықтырып, толғандырады. Сахнада менің атымды жеңімпаз деп жариялаған бойда жетекшім орнынан тұрып, қуанғанын есіме алсам, бойымды ерекше сезім билеп алады.

Мен осы сәтті пайдалана отырып, барлық балаларды кітап оқуға, оның әрбір бетін аялап сақтауға, оқыған дүниесін өзгелермен бөлісуіне тілектеспін. Ел президентінің біз жастарға, оқырмандарға «Оқуға құштар мектеп» үндеуін, қазіргі таңда қарқындап дамып келе жатқан бұл бағдарламаны қолдауға шақырамын. Түрлі іс-шаралар, онлайн болса да челлендж, сайыс сабақтар ұйымдастырып, ұшқыр ғаламтормен тағы да басқа арналарға бет бұрып кетпеуге, еліне, жеріне, ата-анасына қамқор, жанашыр болу үшін келер жасқа кітап оқу керек деп дәріптейік!

Мен бұл жобаны өз ойымша жүзеге асыруды бастадым. Мысалы: мен талайдан бері сыйлыққа кітап беріп жүрмін. Бұған алғашында достарым біртүрлі болғандары да болды, алайда бейімделді ме, неде болса, қазір бәрі сыйлық кітапты ерекше сезіммен қабылдайды. Ол да болса, еліміздің тәуелсіздігінің арқасында деп білемін. Тәуелсіздік тұғыры биік болғай!

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ТАБИҒАТ

АБДУСАЛИЕВА Насиба Уткиржановна,
№104 негізгі орта мектебінің 7 «А» сынып оқушысы.

КОЧКАРОВ Русланбек Равшанбекович.
Жетекшісі: математика пәнінің мұғалімі
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Математика адамзат тарихында тұрмыстық мұқтаждықты қанағаттандыру мақсатында пайда болған ең алғашқы ғылым. Олай дейтініміз адамзат өзін айнала қоршаған ортадан күнкөрістік тағамдық заттардың қорын жинағанда олардың мөлшерін білу үшін санауға мәжбүр болған. Санаудың нәтижесінен сан ұғымы қалыптасқан. Сонымен, сан адамзаттың ақыл-ойының жалаң туындысы емес, тұрмыстық қажеттіліктерінен бастау алған ұғым. Сандар математика ғылымының түп қазығы. Математика құралдық ғылым ретінде басқа ғылымдардың негізі болып қалмастан, ғылыми зерттеуде маңызды рөл атқарады. Ол толып жатқан ғылымдардың мәселен, сурет салу, музыка, құрылыс салу, жазу стилін кескіндеу, логика ғылымы т.б. ғылымдардың дамуына негіз бола алады.

Орта ғасырларда ғұмыр кешкен ағылшын философы әрі табиғат зерттеушісі Роджер Бэкон (1214 - 1292) «Математика - барлық ғылымдардың тұңғышы әрі оларға пайдалы да, қажет те» деп бекер айтпаған. Ғылымдар туралы әңгіме болған бір мәселеде Роджер Бэкон математиканың маңызын «... ғылымдарға апарар жол да, ашар кілт те - математика» деп жоғары бағалаған.

Математика шығу тегі. Математика (гп. μάθημα - ғылым, білім, оқу; μαθηματικός - білуге құштарлық) - әлдебір әлемнің сандық қатынастары мен кеңістіктік формаларын, пішіндерін өлшейтін, оның ішінде - структуралар, өзгерістер, белгісіздік жөніндегі ғылым. Ол абстрактілендіру және логикалық қорыту: есептеу, санау, өлшеу және физикалық нәрселерді жүйелі түрде орнықтыру, бейнелеу мен өзгерістерді оқыту арқылы көрініс табады. Математиканың шығу тегі және даму барысы ұзақ мерзімге созылды. Арифметиканың өзі дербес ғылым ретінде біртіндеп қалыптасқанымен, оның негізгі сан ұғымы өте ертеде, тарихқа дейінгі заманда, санау қажеттілігі туған кезде пайда болған. Геометрияның бастапқы қарапайым ұғымдары табиғатты бақылау, тікелей практикалық өлшеу тәжірибелерінен алынған. Математиканың бастапқы мағлұматтары барлық халықтарда болған.

Табиғат ұғымы. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, жер мен ай, күн мен алыстағы жұлдыздар - осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз анасындай, анасын күндей қастерлеу ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы - Көкшетау», «Жер жаннаты - Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Табиғат апаттары: Жер сілкіну, жер сілкінісі (араб тілден ескірген сөз зілзала араб.: زلزال) — жер асты дүмпуі күштерінің әсерінен Жердің беткі қыртысының тербелуі. Жер сілкінісін сейсмология ғылымы зерттейді. Оның туындауына және дамуына байланысты құбылыстарды сейсмикалық құбылыстар деп атайды. Цунами (жапон. 津波) - мұхит түбіндегі жер сілкінуден пайда болатын сұрапыл толқын. Биікт. ашық мұхитта 1 метрден аспайды, құрлықтағы тар шығанақтарда 50 метрге дейін барады.

Математика және табиғаттағы симетрия. Адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі – математика. Математиканың алғашқы бесіктерінің бірі Мысыр елі болды. Табиғатта, техникада және тұрмыста кейбір денелердің өзара ұқсас, үйлесімді орналасуын симметрия деп атайды. «Симметрия» грек сөзінен алынған «үйлесім» сөзі сияқты бірдей өлшемділікті, белгілі бір реттілікпен орналасқан деген ұғымды білдіреді. Симметрия физика мен математикада, химия мен биологияда, техника және архитектурада, поэзия мен музыкада маңызды рөл атқарады. Мысалы: конустық симметрия барлық ағаштарда анық байқалады. Ағаш тамырымен ылғалды және құнарлы заттарды жерден яғни астынан алады да, қалған өмірге қажетті функциялардың барлығын жоғарыдан алады. Ағаштың тұлғасы оның тік симметрия өсі болып саналады. Симметрияны жапырақтардан, гүлдерден, бұтақтардан, өнімдерден ашық көруге болады. Көбінесе гүлдердің симметриясы бұрылысты симметрия мен айналы шағылысу симметриясы екеуі қатар болады. Егер түзу бойымен бүктегенде жазықтықтағы екі фигура бір-бірімен беттесетін болса, ондай фигуралар түзуге қатысты симметриялы фигуралар деп аталады. Симметриялы фигуралар өзара тең болады.

Егер түзу фигураны симметриялы екі бөлікке бөлсе, онда ондай фигура осьтік симметриялы фигура деп аталады, ал түзу сол фигураның симметрия осі деп аталады.Тік төртбұрыштың екі симметрия осі бар, шаршының төрт симметрия осі бар, шеңбердің

симметрия осьтері шексіз көп.

Әлем, математика тілімен бейнеленген Галилео Галелей, себебі барлық ғылымның атасы саналатын математика 2000 жыл бойы адамзаттың көптеген сұрақтарына және түсініксіз құбылыстарға жауап табуға көмектесіп келеді. Егер адамзаттың математикалық ашылуларына анализ жасасақ, көптеген таңғажайып ашылулар түрлі ауа райы құбылыстарын зерттеуден және шарасыз ақиқатқа көз жеткізуге талпынудан туындаған. Мұның бәріне адамзат мұқият саралау мен ақпаратты сараптау арқылы қол жеткізген. Қазіргі уақытта математикалық ойлау адамзаттың көптеген саласында қолданысқа ие: метематикалық және статистикалық формулалар саяси зерттеулерде, ежелгі артефактардың түпнұсқалылығын анықтау мен мерзімін нақтылауда, көлік магистральдарының жұмысын сараптауда, және тіпті агроөнеркәсіп саласында тұрақты өніммен қамтамасыз ету стратегиясын құруда да пайдаланылады. Бүгінде математиканың адамзат үшін маңызы зор, сондықтан математикалық терминдермен ойлау әр саналы адам үшін маңызды жетістік.

Қорыта келгенде математика саласы барлық тұрмыста қажет дүние. Математиканы оқып-үйрену есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез-келген проблеманы шеше білу, өз қабілетіңізді жетілдіре алу үшін қажет. Сондықтан, «Мен ақша санаймын, өз кірісім мен шығысымды есептей білемін, одан өзге математиканың маған қажеті шамалы» деуге болмайды. Егер олай десеңіз, адам өмірінің мәнін түсінбегеніңізді көрсетесіз, өмір деп отырғаныңыз шын мағынасында өмір емес, жай ғана тіршілік болады. Біз тек сол үшін жаратылмағанбыз, бізге ақыл-сана сол үшін берілмеген. Біз өз өмірімізді мағыналы қылып, барлық жетістіктерге жету үшін табиғатты, бүкіл білімді пайдалана білуіміз керек. Зерттеу барысында әдебиеттерді оқып, ізденіп және мамандық иелерімен кездесіп тәжірибе жұмысын жүргізу арқылы, өткізген сауалнаманың қорытындысына қарап «Математика — біздің өмірімізде маңызды орын алады» -деп тұжырымдадым. «Ғылым математиканы пайдалану арқылы жетіледі» – дей келе, менің сыныптастарым мен достарым өздері дұрыс қорытынды шығарып, өмірдің өзі математикасыз, есепсіз болмайтынын, математика пәні қандай қиын болса да, ол пәнге деген көзқарастарын өзгертер деп үміттенемін. Қазақстанның болашағы нұрлы, жоспарлы жан-жақты білімді болар еді деген сенімдемін. Математиканы еш уақытта күнделікті өмірден бөліп алып тастай алмайтынымызға көз жеткіздім.

Менің мектебім - білімділер мектебі

ИБРАГИМ Иманәлі Бауыржанұлы,
«Мың бала» бастауыш мектебінің оқушысы.
Шымкент қаласы

Біз бақытты ұрпақпыз. Біздің елдің аспаны ашық, барлық баланың құқығы қорғал-ған, біліммен қамтылған. Біз 6 жастан бастап мектепте тегін білім ала аламыз. Мектеп - білімнің бастауы. Мектеп - үлкен өмірге деген алғашқы қа-дам. Тарыдай болып кіреміз, таудай етіп шығаратын киелі шаңырақ.

Тек қана білім емес, саналы тәрбие, түрлі өнерге үйренеміз. Қоршаған ортамен тілдесуге, ортаға сіңісуге үйренеміз. Бала өмірінің ең шат-шадыман, жайдары кездері осы мектеп қабырғасында өткен күндері болар. Себебі, біздің еркелігіміз бен тентектігімізді көтеріп, өз баласындай қарайтын ұстаз, тәлімгерлер тек мектепте деп ойлаймын.

Иә мектеп, білім, ұстазым деген ұлы сөздер бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл сөздердің құдіретін ұға білу де парыз. Дана халқымыз “дарын жанып тұрған жалын”-дейді, әр оқушының өз таланты болады. Шәкірттері білімді, дарынды, қаламыздың қақ төрінен орын тепкен алтын ұя мектебім - «Мың бала» бастауыш мектебі жайлы мақтанышпен айтқым келеді.

Мектепте өткен әрбір күнім шаттыққа толы десе, артық айтпаспын. Мұғалім - біздің екінші анамыз, ал сыныптас достарым өз

бауырларым секілді.

Мен оқыған мектепте қазіргі заманға лайықты техникалық құралдардың барлығы бар.

«Мың бала» бастауыш мектебі маған өте ұнайды. Мектепте білімді ұстаздар өте көп. Біздің тіпті бос уақытымыз болмайды, ұзартылған күн тобында қосымша сабақтар өтіледі, әртүрлі үйірмелерге қатысамыз. Түрлі зияткерлік байқауларға қатысып, білімімізді шыңдаймыз. Бізге әрқашан жол көрсетуші - Сынып жетекшіміз Телгараева Арайлым Шекербековна.

Арайлым Шекербековна шәкірттерге деген сүйіспеншілікті, оларға қамқор болуды, олардың жан дүниесін түсінуді, шәкірттермен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, олардың әрбіріне мән беріп, назарда ұстауды әдетке айналдырған. Біз де мұғалімізді қатты құрметтейміз, жақсы көреміз. Ұстазымыз бойымызға сіңірген терең білім мен жақсы тәрбиені ұмытпаймыз. Әрқашан мақтанышы боламыз деген сенімдеміз.

Менің мектебім - білімділер мектебі.

Мектебімнің дәлізінен өтсеңіз, көздің жауын алатын, кеудеңді нұрға бөлейтін Рәміздер қабырғасы, оқу, білім туралы стендермен танысып, түрлі қызықты ақпарттармен сусындайсыз. Осындай мерейлі мектепті басқарып, алға жетелеп отырған мектеп директоры Темиралиева Райхан Пердебековна жаңашыл ұстаз, білікті баксшы.

Мектебім менің мақтанышым, киелі алтын ордам. Арманым көп, алдыма қойған мақсатымда көп. Сол арманға, мақсатыма жететініме сенімдімін. Ұстаздарма, жоғары сынып оқушыларына қарап бой түзеймін. Мен қазір мектебімнің жетістігіне мақтанамын. Ал келешекте, мектебім менің қол жеткізген нәтижелеріме мақтанса деген ойдамын. Өсе бер, өркендей бер менің сүйікті мектебім!

Сынып жетекшім Тенгараева Арайлым Шекербековна кезекті жеңісіммен марапаттау сәті

МАМУРЖАНОВА Дилроза Акмалжановна,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі №104 негізгі орта мектебінің 4 «Ә» сынып оқушысы.
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі
Эргешова Мафтуна Фуркатовна

Сиқырлы бояу

Менің алжапқышым

Біздің отбасымыз тату-тәтті. Біз үнемі асханаға тамақтану үшін жиналамыз. Анашымның және әпкемнің алжапқышы бар, бірақ менде алжапқыш жоқ. Мен алжапқыштың ас үйде киімді ластанудан қорғайтын, әрі менің ойымша түрлі сәндену, тазалықты көрсете алатын киім деп білемін.

Мен болашақта әжем, анашым сияқты асхананың ханшайымы болуым үшін өзіме алжапқыштың суретін салдым. Орайы келіп, жазғы демалыста өзіме алжапқыш тігіп алуды жоспарлап жүрмін. Өзім сияқты асхана жұмысына, тамақ пісіру және тазалыққа қатты қызығатын, қызыққұмар достарыма, менің алжапқышымның суретін ұсынамын.

ХАБИБУЛЛАЕВА Самодил Нигматовна,
№104 негізгі орта мектебінің 1 "Б" сынып оқушысы.
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі
КАСИМБЕКОВА Умида Адашбековна.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

МУРОДЖАНОВА Рохила Бегзодовна,
№104 негізгі орта мектебінің 1 "В"сынып оқушысы.
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі
УМАРОВА Малика Абдимажитовна.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

КАРИМЖАНОВА Гулхая Уткиржановна,
№104 негізгі орта мектебінің 7 «А» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Адилова Зилола Авазхановна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

№07 (069) 2021 жыл
Шілде

Мазмұны

ЕСЕН Б. А.
Қастерлі ата заңымыз-қазынамыз, бағымыз.. 1
БЕРДАЛИЕВА А.М.
Тәуелсіздік кезеңіндегі қалыптасқан қосымша білім беру үрдісі........2
УКСИКБАЕВА А.Б.
Ұстаз жолы-ұлы жол........5
КАДИРКУЛОВ К.А.
Қашықтықтан оқыту барысында тәрбие жұмысын жетілдіру үшін ата-ананың алатын орны........6
АБДИКЕРИМОВА Н.А.
Оқушының аспапта ойнау техникасын арттыру жолдары........8
ЖОЛДАСБЕКОВА Ж.С.
Домбыра және ДЭККО........9
ЖОЛМҰХАН Т.М.
Түркістан облысындағы ішкі туризм перспективасы........10
БАЙЖАНОВА А.Б.
Образ Фамусова и фамусовского общества........12
АЙТУҒАН К.Қ.
Қазақ халқының тоқыма бұйымы. Тоқыма өнері........14
ДАЛДЕКЕЕВА А.Б.
Суммативное оценивание за раздел «Природные явления»........16
САРМАЗИНА Г.А.
Көшпелілер баспаналарының ерекшелігі неде?........17
БАТЫРБЕКОВА Л.Г.
Күкірт және оның қосылыстары........19
ҚАЗЫХАНОВА Ж.Т.
Земля-наш общий дом........21
МАГАРОВ Р.
Animal tupes........22
МЫРЗАНОВА А.А.
Сенің денеңнің құрылысы қандай?........23
ТҰРСЫНБЕК Ә.
Магнит өрісі. Тогы бар өткізгіштің өзара әрекеттесуі. Ампер тәжірибелері Магнит индукция векторы........24
БИМБЕТОВА Р.Ж.
Марат Қабанбаев «Бауыр» әңгімесі........27
КАСИМБЕКОВА Э.А.
4 саны және цифрымен таныстыру........29
КАРИМУЛОВА Д.Х.
Бейбіт елдің ұланымын........31
ЮЛДАШЕВА Х.И.
Балалық бір ой........31
ИРИСМАТОВА З.Ж.
Жыр жүйрігі - Мұқағали........32
АБДУСАЛИЕВА Н.У.
Математика және табиғат........33
ИБРАГИМ И.Б.
Менің мектебім - білімділер мектебі........34
МАМУРЖАНОВА Д.А.
Менің алжапқышым........35
Сиқырлы бояу........36

БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Бас редактор:
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
Биғараев Жарқынбек

Тілшілер:
УСИПОВА Жанна
ИЗТАЕВА Феруза

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

Компьютерлік қызмет:
ҚҰРАЛБЕКОВА Динара

Журнал Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК "Шың" Баспаханасы.
Журнал 2021 жылы 19 шілде ЖК "Шың" баспаханасында басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 775 403 72 84
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №234
Таралымы: 6100

ШЫҢ БАСПАХАНАСЫ

Кітап
Кітапшалар
Диплом
Журналдар
Афиша
Құттықтаулар

Стендтер
Визитка
Маңдайшалар
Брошюра
Буклеттер
Шақырулар

Плакат
Баннер
Портфолио
Бланк
Календарь

Сапалы әрі арзан бағада

Мектеп бөлмелерін безендіру

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ-2021

БІЛІМ ШЫНЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

Жазылу индексі: 74871

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы
2779 теңге 80 тиын

"Ер-нұр" пресс арқылы
3006 теңге 00 тиын

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 701 312 99 06